

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 286 қаулысының күшін жою туралы

Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 20 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Жуалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 10 тамыздағы "Жуалы ауданы әкімі аппараты, ауылдық округ әкімі аппараттары мен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" № 286 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2764 болып тіркелген, 2015 жылдың 22 қыркүйектегі "Жаңа өмір-Новая жизнь" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Жуалы ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі бөлімшесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылғаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Қанат Оспанұлы Аққоевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Б. Құлекеев